

Түсінік хат

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қ

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;

- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;

- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиешінің міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;

ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;

- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;

- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

ҚЫРКҮЙЕК – Білім айы

	Іс шара атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
1	«Балбөбек» шағын орталығымен танысу	«Балбөбек» шағын орталығы	Саяхат	Мектеппен, топпен, тәрбиешілермен, балабақша қызметкерлерімен таныстыру	01/09
2	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шара Тілдер мерекесі»	«Балбөбек» шағын орталығы	Тақпақтар жарысы	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған тақпақтар	08/09
3	Отбасы күніне арналған іс-шаралар «Әкем–асқар тауым»	«Балбөбек» шағын орталығы	Әңгімелесу	Отбасы күніне арналған байқаулар, түрлі мәдени іс-шаралар	15/09
4	Қай жерде ойнауға болады қай жерде ойнауға болмайды?	«Балбөбек» шағын орталығы	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының Қортындысы мен ұсынылған материалдар	29/09

ҚАЗАН – Алаш азаматтарын ұлықтау айы

	Іс шара атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
1	Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы) «Балаларға базарлық	«Балбөбек» шағын орталығы	Саяхат	Мобильді кітапхана. Кітап бұрышы	06/10
2	25-қазан Республика күні «Менің елім – Қазақстаным» атты республикалық патриоттық әндер байқауы	«Балбөбек» шағын орталығы	Тақпақтар жарысы	Байқау қортындылары мен ұсынылған материалдар	13/10
3	Ұлттық ойындар күні . «Бес асық ойыны», «	«Балбөбек» шағын орталығы	Ойындар жарысы	Ұлттық ойындар ұйымдастыру	20/10
4	Алтын күз мерекесі	«Балбөбек» шағын орталығы	Ертеңгілік	Ертеңгілік қортындылары мен ұсынылған материалдар	27/10

ҚАРАША – Поэзия айы

	Іс шара атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
1	Алтын күз суреттер байқауы	«Балбөбек» шағын орталығы	Көрме	Байқау қортындылары мен ұсынылған материалдар	10/11
2	Ұлттық валюта күні	«Балбөбек» шағын орталығы	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының қортындылары мен ұсынылған материалдар	17/11
3	Спорттық ойындар	«Балбөбек» шағын орталығы	Ойындар жарысы	Ойын қортындылары мен ұсынылған материалдар	24/11

ЖЕЛТОҚСАН – «Қазақстан - Ұлы дала елі

	Іс шара атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
1	Қыс тақырыбына суреттер байқауы	«Балбөбек» шағын орталығы	Көрме	Байқау қортындылары мен ұсынылған материалдар	01/12
2	16-желтоқсан –Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Көктудың желбірегені» байқау	«Балбөбек» шағын орталығы	Балалар арасында сурет салу, қолдан бұйымдар жасау ән, тақпақ айту, би, спорттық ойындар бойынша байқау	Байқау қортындылары мен ұсынылған материалдар	08/12
3	Қысқы каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелері	«Балбөбек» шағын орталығы	Әңгімелесу	Презентация.суреттер	15/12
4	Жаңа жыл мерекесі	«Балбөбек» шағын орталығы	Ертеңгілік	Ертеңгілік қортындылары мен ұсынылған материалдар	22/12

Қ АҢТАР айы – ҰЛТТЫҚ КОД айы

	Іс шара атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
1	Мен оқыған бір ертегі» Балалардың театрландырған іс-әрекет	«Балбөбек» шағын орталығы	Сюжеттік рөлдік ойындар	Ертегі кейіпкерлерін сюжеттік-рөлдік ойындарда ойнау	12/01
2	Мейірімділік асыл қасиет	«Балбөбек» шағын орталығы	Әңгімелесу	Презентация.суреттер	19/01
3	Жаманнан жирен жақсыдан үйрен	«Балбөбек» шағын орталығы	Әңгімелесу	Презентация.суреттер	26/01
4	Денсаулық зор байлық	«Балбөбек» шағын орталығы	Әңгімелесу	Презентация.суреттер	30/01

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

	Іс шара атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
1	«Мақал-сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	«Балбөбек» шағын орталығы	Көрме	Байқау қортындылар ы мен ұсынылған материалдар	02/02
2	16-желтоқсан –Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Көк тудың желбірегені» байқау	«Балбөбек» шағын орталығы	Балалар арасында сурет салу, қолдан бұйымдар жасау ән, тақпақ айту, би, спорттық ойындар бойынша байқау	Байқау қортындылары мен ұсынылған материалдар	16/02
3	Жаманнан жирен жақсыдан үйрен	«Балбөбек» шағын орталығы	Әңгімелесу	Презентация.суреттер	23/02

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ айы

	Іс шара атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
1	1 наурыз – Алғыс айту күні	«Балбөбек» шағын орталығы	Әңгімелесу	Презентация.суреттер	01/03
2	Балаларды отбасылық құндылықтарға баулу Халықаралық әйелдер күніне арналған «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні	«Балбөбек» шағын орталығы	Мереке	Мерекеқортындылары мен ұсынылған материалдар	0703
3	22 наурыз – Наурыз мейрамы	«Балбөбек» шағын орталығы	Ертеңгілік	Ертеңгілікқортындылары мен ұсынылған материалдар	15.03
4	Көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері	«Балбөбек» шағын орталығы	Әңгімелесу	Презентация.суреттер	29/03

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

	Іс шара атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
1	12 сәуір - Ғылым күн	«Балбөбек» шағын орталығы	Әңгімелесу	Презентация.суреттер	05/04
2	Ғарышкерлер күні» сурет байқауы	«Балбөбек» шағын орталығы	Мереке	Мереке қортындылары мен ұсынылған материалдар	12/04
3	Жол ережесін білеміз бе?	«Балбөбек» шағын орталығы	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының қортындылары мен ұсынылған материалдар	19.04
4	Көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері	«Балбөбек» шағын орталығы	Әңгімелесу	Презентация.суреттер	26/04

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ

	Іс шара атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Мерзімі
1	Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі, Қазақстан халқы достығы фестивалі	«Балбөбек» шағын орталығы	Әңгімелесу	Презентация.суреттер	03/05
2	Отан қорғаушы күні	«Балбөбек» шағын орталығы	Мереке	Мереке қортындылары мен ұсынылған материалдар	10/05
3	Жеңіс күні мерекесі	«Балбөбек» шағын орталығы	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының қортындылары мен ұсынылған материалдар	17.05
4	Қош бол балабақша -атты ертеңгілік	«Балбөбек» шағын орталығы	Ертеңгілік	Презентация.суреттер	24/05